

Азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы бойынша жүргізген жұмыстары жөніндегі есебі

«Жас сарбаз» Арыстан атындағы әскери патриот клубы 2010 жылы құрылған. Қазіргі уақытта «Жас сарбаз» патриот клубы жұмыс істеп тұр. «Жас сарбаз» құрамында 25 оқушы.«Жас сарбаз» патриот клубы бес мәрте аудан бойынша әскери қолданбалы спорт түрінен бірінші орынға ие болды.Соңғы екі жылда «Жас сарбаз» үшінші орындамыз. 2011 жылы Ақтөбе қаласында өткен әскери қолданбалы спортқа қатысып,екінші орынға ие болды. 2012 жылы Астана қаласында «Жас сарбаздардың» ,«Жас сұңқар» әскери қолданбалы спортқа қатысып екінші орынға ие болдық.Мектепте жиі-жиі әскери спорт сайыстары 10-11 сыныптар аралығында өтеді.10-11 сыныптар өздерінің әскери білімдерін пайдалана отырып жақсы нәтижелерге жетіп отыр.Ақтөбе және аудан бойынша Ауған соғыс ардагерлерімен оқушылар, әсіресе «Жас сарбаз» клубының ең жақсы оқитын және тәртіпті оқушылары таңдалынып алынды.Оқушылар Ресей Федерациясына қазба жұмыстарын жүргізуге сапарға аттанып,соғыстан тапқан винтовка, штык, каска, оқтар, котелоктар, жетон, гильзалар мектепке әкелінді және мұражай бұрышы жасалынды.«Жас сарбаз» клубында білім алғандар қазіргі уақытта жоғары әскери институтты тәмамдап,«офицер» атағын алып,әскерде қызметте. Оның ішінде әскери академияны бітірген Куанжанов Нурболат, екінші жыл академияда оқып жатқан Кавкаев Аділбек.2016 жылы аудандық «Жас сарбаздар» Ауған соғыс ардагерлерімен бірге Байқоңыр қаласына саяхатқа барып,зымыран ұшқанын көріп келді.2017 жыл Ауған соғыс ардагерлерімен Алматы қаласына Қазақ батыры Борис Тукенович Керимбаевпен кездесу өткізді.Жыл сайын біздің мектебімізде Ауған соғыс ардагерлерімен кездесулер өткізіледі.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шаралары негізінде мектебімізде 2020 жылы қыркүйек айынан бастап «Заман біздікі» дебат қозғалысы өз жұмысын бастады.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Ақтөбеде "Заман біздікі" дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жетекшісі Есеев Е.Ө. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрышы жабдықталған.

2021 оқу жылында "Заман біздікі" дебат клубының мүшелерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Ақтөбе облысы әкімінің кубогіне арналған оқушылар арасындағы пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде жүлделі 2 орынға ие болған «ЗАМАН БІЗДІКІ» фракциясы АҚКЕМЕР ЖББОМ оқушылары Жарылқағанова Қамажай, Қонаева Асем марапатталды.



2021 оқу жылында «Қазақстанның болашағы - жастардың қолында» атты «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың мәдени білім беру жалпыұлттық дебаттық қозғалысының жобасы аясында аудан мектептері арасында өткен пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңінде «ҮЗДІК ДЕБАТТЫҚ КЛУБ» номинациясын иеленген АҚКЕМЕР ЖББОМ «ЗАМАН БІЗДІКІ» клубы Жарылқағанова Қамажай, Қонаева Асем марапатталды.



2021 оқу жылында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан арналған аудандық пікірсайыс турнирінде жүлделі 3 орынды жеңіп алғаны үшін АҚКЕМЕР ЖББОМ «ЗАМАН БІЗДІКІ» клубы Жарылқағанова Қамажай, Қонаева Асем марапатталды.

2022 оқу жылында «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми- тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептер мен облыстық білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың республикалық дебат турнирінің аудандық кезеңінде «ҮЗДІК АРГУМЕНТ» атағына ие болған АҚКЕМЕР ЖББОМ «ЗАМАН БІЗДІКІ» фракциясы Жарылқағанова Қамажай, Қонаева Асем марапатталды.



2023 оқу жылында «Кіріктірілген сабақ-метапәндік білім беру негізі» тақырыбындағы аудандық семинарға қатысып, өз тәжірибесімен бөліскені үшін ЕСЕЕВ ЕРХАН ӨТКІРБАЙҰЛЫ марапатталды.



2023 оқу жылында «Ұшқыр ой» жобасы аясында «Ұшқыр ой алаңын ұйымдастыру тәсілдері» тақырыбындағы аудандық семинар-практикумға белсене қатысқаны үшін Есеев Ерхан Өткербайұлы алғыс хатпен марапатталды.



2024 оқу жылында «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілген «Жаңа Қазақстан-Екінші Республика» Жастар жарқын өмірді қалайды тақырыбындағы аудандық дебат турнирінің жүлдегері АҚКЕМЕР ЖББОМ «Алау» командасы Утебай Аянат, Ұзақберген Әмина марапатталды.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады. Ұйымдастырлатын шаралар - спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға, қоғамдық қызметке негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста.

Өзін-өзі басқару ұйымының Мектеп президенті мен Ұланбасы сайлауы өтті. Үміткерлер 5-11 сыныптар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сайлауға 6 оқушы үміткерлікке түсіп, өздерінің бағдарламасын ұсынып, сайлауда бақтарын сынады. Сайлау нәтижесі бойынша Мектеп президенті 10 «Ә» сынып оқушысы Жұмасейтова Перизат, Ұланбасы 9«А» сынып оқушысы Қойшыбаева Мадина сайланды.

<https://www.instagram.com/reel/CjCmeyAgdwo/?igsh=MTFtZXd6MDFkYXFuYQ==>

Мектебімізде әр тоқсан сайын уақыты мектеп формасы, мектеп территориясына салқын қарулар, жарғыш немесе өртке қарсы, алкогольды сусындар, наркотиктер, газ баллондарын, қолдануға қатаң тыйым салынған басқа да заттар әкелуге тыйым салынатындығы туралы түсіндіріп, рейд жүргізіледі. Сонымен қатар мектебіміздің құқық фракциясы мүшелерімен бірге 1-11 сынып оқушыларының оқулықтарының тазалағы, қапталғандығын қадағалау барысында рейдтер жүргізіліп, түсіндірме жұмыстары өткізіледі.

Жыл бойы 5-11 сынып оқушылардың арасында барлық қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан оқушыларды бақылап, «Өнерлі оқушы», «Қамқор оқушы», «Жыл оқушысы» атақтары берілді. «Өнерлі оқушы» атағына ие болған Құрманғали Нұрмат 10 сынып оқушысы. Жайдарман ойындарының сонымен қатар спорттық жарыстарда жүлделде орындардың иегері. «Қамқор оқушы» атағына ие болған 9 сынып оқушысы Кәрімова Кәусар. Ол өзінің қолынан келгенше барлық достарына, сыныптастарына сонымен қатар табиғатқа, жан-жануарларға да өзінің қамқорлығын көрmete біледі. «Жыл оқушысы» атағына ие болуға көптеген оқушылар атсалысты, дегенмен топты жарып 9 сынып оқушысы Қойшыбаева Мадина ие болды.

https://www.instagram.com/reel/CtHc6Y1Iqg5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Оқушылардың өз құқығын білу, құқықтық мәдениетін жетілдіре отырып, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы білімдерін шыңдау, құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақыру. Сонымен қатар әр оқушы өз құқығымен қатар міндеттерін де білуі және орындауы керек. Дөңгелек үстел оқушылардың қоғам өміріндегі өзінің орнын, құқығы мен міндетін білуіне, сол арқылы өмірге, қоғамға дұрыс көзқарас қалыптастыруына ықпал ету мақсатында мектеп психологі Ермекбаева Д.Т 7-8 сынып оқушыларымен 23.02.23 күні «Менің-құқығым, менің міндетім» тақырыбынды тренинг өткізді.

<https://www.instagram.com/p/Ck1NnKhIMyc/?igsh=MTlxNTB4bzk2dWwwZQ==>

Оқу мәртебесін, оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру, жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту мақсатында 16-20.01.2023 күндері аралығында 1-11 сынып оқушылары арасында «Бірге кітап оқиық» акциясы ұйымдастырылып, өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CkbkH2AA7Ao/?igsh=MWUycXlzNjMyc2RzOA==>

14.09.22 күндері аралығында 9 сынып оқушылары арасында орыс тілі пәні мұғалімі Хамзина В.З «Язык и мы» тақырыбында сайыс өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CkiO4r6gdUa/?igsh=MWdiYXF0am51Mzd4aQ==>

Есірткінің заңсыз айналымы үшін жауапкершілікке тартылатындығы, зияны туралы хабардар ету, сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыру және өз денсаулығына деген жауапкершілікті насихаттау мақсатында 14.11-18.11.2022 күндері тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cks0KeUo_qU/?igsh=MTJ0bXI3MXkybnNzcg==
<https://www.instagram.com/p/CkxRT8LImhF/?igsh=YndwenN3NDkyeWJm>
<https://www.instagram.com/p/CkxsnNngTHS/?igsh=MTg2cno5dG8xZHR4ag==>
<https://www.instagram.com/p/CkyEjm1ocaA/?igsh=eGJ4OWIyMnZIYXRi>
<https://www.instagram.com/p/Ck1N7PooqkQ/?igsh=N2IzN3M3am1nbXU4>

Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Адам денсаулығының қымбаттылығын, басты байлық екенін оқушыларға ұғындыру мақсатында мектебімізде «Денсаулық басты байлық» тақырыбында мектеп медбикесі Н.Оспановамен 9-10 сынып оқушыларымен сұхбаттасу өткізілді.

https://www.instagram.com/p/Cmoh8h9IpMp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ_A==

Білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу мақсатында 21.12.2022 күні 5-7 сынып оқушылары арасында «Жас экологтар» тақырыбында танымдық сайыс өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C14FI1voDER/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ_A

2023 жылдың 13-15 қыркүйек күндері аралығында Мектеп президенті және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізілді. Сайлауға 10 сынып оқушылары: Қойшыбаева Мадина, Маликова Сабрина, Кәрімова Кәусар, Габбасова Самира және 9 сынып оқушысы Мырзағалиева Айиша қатысты. Оқушылар өз бағдарламаларын ұсынды. Дауыс беру QR код арқылы өткізілді. Нәтижесінде: 30% дауыс жинап мектеп президентті Қойшыбаева Мадина, 24% дауыс жинап Маликова Сабрина Ұланбасы болып сайланды. Жоғарыда сайлауға қатысқан оқушылар мектеп парламентінің фракция мүшелеріне сайланды.


<https://www.instagram.com/reel/CxXFaYpMrTS/?igshid=NmJiYWZiY2E0Mg==>



Қыркүйек айында, отбасы күніне орай ұйымдастырылған «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында бейнеролик жасау байқауына 2 сынып оқушылары Ғабит Олжас, Сейсенбі Әлинұр, Сұлтанов Тамир қатысып өздерінің отбасыларымен өткізген бақытты сәттерінен видеоролик жасап, @akkemer_om инстаграм парақшасына жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/CxVgmujIOPv/?igshid=NmJiYWZiY2E0Mg==>

<https://www.instagram.com/reel/CxVgkBmI1YK/?igshid=NmJiYWZiY2E0Mg==>



Күні: 05.10.2023

Дублёрлар саны: 36

Қатысушылары: Мектеп оқушылары

Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебінде 5- қазан «Дублёр күні»



ұймыдастырылды. Мектеп парламентінің мүшелері ұстаздарды құттықтау хаттарымен қарсы алды. «Ұстазға хат» жәшігі қойылды, оқушылар өздерінің тілек-лебіздерін құтықтау хатты арқылы білдірді. Дублёрлар ретінде 10-11 сынып оқушылары алынды. Ең алдымен мектеп парламенті мүшелерінің қатсуымен, мектеп әкімшілігі сайланды. Оқушылар дублер күніне толықтай қатысты. Сонымен қатар 11 сынып оқушылары мерекелік іс-шара жүргізіп, ардагер ұстаздарды қонаққа шақырылды.

Қазан айының 12- сі «Еркін сөйлеу-өзгемен тіл табысу» атты кешіміз өткізілді. Кешіміздің қонағы Ақтөбе пікірталас орталығының аға буыны Майлишов Бекбол Болатұлы шақырылды. Мектепбіміздің оқушыларына дебат туралы толығырақ түсіндіріп өтті. Дебаттың қаншалықты маңызды екенін, қандай жетістіктерге жол ашатыны туралы ашық әңгіме болды. Оқушылар өздерінің ойларында жүрген сұрақтарын аға буынымызға қойды.

<https://www.instagram.com/reel/Cyn5ypBoboM/?igshid=NmJiYWZiY2E0Mg==>

Отбасындағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата-ана алдындағы парызын өтеуге, еліміздің жақсы азаматы болып өсуге тәрбиелеу мақсатында ағымдағы жылдың қараша айында аға тәлімгердің жоспарына сәйкес 3 сынып оқушыларының отбасындағы міндеттері туралы фото көрмесі.

<https://www.instagram.com/p/C0stxIOIPcb/?igshid=MTc4MmM1Yml2Ng==>

Ақпан айының 21-күні «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Ізгілік бесігін тербеткен аяулы жан» тақырыбында қайырымдылық концерт ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты :ерекше білімді қажет ететін балаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету.

Шара барысында мектеп директоры Буркуталиева А.Т. қолдау көрсеткен барлық қайырымды жандарға алғысын білдіріп, оқу жылының басынан ұйымдастырылып келген қайырымдылық шаралардан түскен қаражатқа ерекше білімді қажет ететін 6-сынып оқушысы Қуандық Сәбитке ноутбук сыйға тарту етті.

Кеш «Қоқыстағы бесік» тақырыбында тәрбие тал бесіктен деген ерекше мағыналы монологымен басталып, мектеп жанынан құрылған театр оқушыларының көрінісімен ерекшеленіп, ән және бимен жалғасын тапты. Ең әсерлі кез, мектеп жанынан құрылған «Самға» хор үйірмесінің

«Ана» әнімен және әрқашан бейбітшілік заманымызда көк туымыз желбіреп, бақытты балалар мен бесігін тербеткен аналар болсыншы деген мағыналы көрініспен аяқталды.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарымызды оқушы бойына сіңіру, қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: инабаттылық, ізеттілік, кішіпейілділік қасиеттеріне тәрбиелеу әр қыз баланы парасатты, жан-жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге, табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу мақсатында 6-наурыз Қыз балаларды салт-дәстүрге дәріптеп, шығармашылығын дамыту мақсатында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай 7-9 сынып оқушылары арасында «Қазақ аруы -2024» байқауы өткізілді



Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Сыбайлас жемқорлықты» алдына алу мақсатында наурыз айының 15 күні 7,8,10 сынып оқушылары арасында жайдарман ойындары өткізілді. Сайыс 2 кезеңнен тұрды. 1- кезең: Сәлемдесу
2-кезең: Үй тапсырмасы. Әділ қазы мүшелерінің әділ бағалануымен 1-орын 10 сынып жанынан құралған «Жұрттың қыздары» құрама командасы жеңіп алды. 2- орын «На рахате» құрама командасы. 3-орын «Шабыт» құрама командасы.



Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебінде Наурыз мерекесіне арналған “Қош келдің ,әз Наурыз!” атты меркелік шара болып өтті.Шара барысында мектеп директоры Асель Талгатовна қонақтарды Наурыз мерекесімен құттықтады.Киіз үй құрылып, қонақтарға ыстық көже мен бауырсақ тарқатылып, Наурызнамаға сай Ұлттық спорттық ойындар ойнатылды.Мектеп өнерпаздары күй тартып,ән шырқап, би биледі.



https://www.instagram.com/reel/C4vhqwqo0ew/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Мектебім, саған мың алғыс!” тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынға Мұғалжар ауданы әкімінің орынбасары Ә.Е.Есенаманов ,Ақкемер ауылдық округінің әкімі Д.М.Кужаньязов,Қамқоршылықкеңесінң төрайымы С.С.Мадиева,Ақсақалдар кеңесінің төрағасы М.Карибаев қатысты. Қатысушы қонақтар барша ұстаздарды, ата-аналарды, жас түлектерді 2023-2024 оқу жылының аяқталуымен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Жиын барысында білім берудегі кәсіби шеберлігі мен жетістіктері үшін ұстаздарымызды облыстық және аудандық деңгейдегі Құрмет грамотасы және алғыс хаттарымен марапаттады.



Отбасының балалар тәрбиесіндегі рөлін талқылау, тәрбиелік мәселелерді қарастыру және тиімді әдістерді бөлісу мақсатында 10 сынып оқушыларымен 13.09.2024 ж. **"Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі"** тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Отбасының балалар тәрбиесіндегі рөлін тереңірек түсініп, осы маңызды мәселелерді бірге талқылай отырып, оқушылар дөңгелек үстел соңында ата-аналарына жылы лебіздері мен тілектерін жазып қалдырды.



Қыркүйек айының 18 күні төрт тоқсан - төрт өнер ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының аясында **"АҚЫНДАР АЙТЫСЫ"** республикалық жобасы бойынша мектебімізде **"Айтыстың бүгіні мен келешегі менің көзіммен тақырыбында "Заман біздікі"** дебат клубы ойыншылары арасында дебат ойыны өтті. Дебат ойынында жеңіске жеткен **"Қыран"** фракциясы. <https://www.instagram.com/reel/DAFs7bYg7bd/?igsh=MXJxY20wYjVtMTFpdw==>



27 қыркүйек күні **«Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!»** тақырыбында мектебіміздің 10 сынып оқушыларымен ардагер ұстаз Балмағамбетова Бақытжамал Курамысовнаның үйіне барып ауласына тазалау жұмыстарды жүргізілді.

